**ЦИКЛОГРАММА**

***Үшінші апта (16.04-20.04. 2018 ж.)***

**№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы «Гүлдер»**

**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру | | | | |
| | Дидактикалық ойын : «Қандай түсті зат» | Үстел үсті ойыны – пазл:<br>«Дұрыс әрекетті тап» | Саусақ ойыны: «Менің отбасым» | Саусақ ойыны<br>«Бақшадағы қызанақ пен қияр» | Дидактикалық ойын:<br>«Лото» |
| | **Затсыз орындалатын жаттығу** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Көркем сөз:**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолды жу.<br>Тазалықтың досы –<br>Су дегенің осы.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **№3.11Д\Ойын «Домино»**<br>**Мақсаты**: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын | **№5.18 «Суретті құрастыр»**<br>**Мақсаты:**Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға | **№3.14 Д\ойын «Бұл қай кезде болады»**<br>**Мақсаты**: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, | **№3.12«Қол соғу» ойыны**<br>**Мақсаты:** Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру үшін жаттықтыру. | **№2.8 «Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап»**<br>**Мақсаты:**Мамандықтар туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойынның барысы:**<br>Әр бала қандай да бірмамандықты ойлап,жасырады,ал |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. | тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:** Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. | ұстамдылықтарын дамыту.<br>**Ойын шарты:** Бала өз суреті бойынша әңгімелейді, ал әңгіме қай мезгіл туралы айтылғанын, бағыттаушы кімге көрсетсе сол жауап береді. Жауап дұрыс болған жағдайда ғана сурет балаларға көрсетіледі. | **Шарты**:Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Одан соң тақта алдына шақырылған балалардың бірі тәрбиешінің қол соғуын қайталап, оның неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін қол соғу санына сай келетін сандық фигураға қаратып қоюы тиіс.<br>. | қалғандары оны табу керек.Балалар бір-бірден шығады,ал қалғандары сұрақ қояды.Жауаптарына байланысты бала «иә» немесе «жоқ»деп жауап береді. Міне,осы жауаптардан балалар сіздің мамандығыңызды табуы қажет. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** 1. Қимыл бағытын сақтап, саптізбекте бір бірден жүгіру. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріп, басынан асыра қол шапалақтау. Допты екпінмен итеру және доп қимылының бағытын сақтау<br>**Барысы:**<br>1. Жүріс түрлері<br>2.Ж.Д.Ж.-ҚҰм салынған қапшықпен<br>3. Негізгі жаттығу. Допты екпінмен итеру және доп | **Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** . Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Допты екпінмен итеру және доп қимылының бағытын сақтау. Секіруде аяқты қою күйін біртіндеп ауыстыру.<br>**Барысы:**<br>1. . Баяу қарқынмен жүру және жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж.-құм салынған қапшықпен<br>3.Негізгі жаттығулар: Секіруде аяқты қою күйін біртіндеп ауыстыру.<br>4. Қ.О. №1.9 «Тышқан | **ҚҰМҚ**<br>**Мақсаты:** Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, күндер: бүгін, кеше, ертең, жылдам, баяу ұғымдарын атайды.<br>**Барысы**<br>1.Жұмбақ жасыру<br>2. Тәулік бөліктерін ата ойыны<br>«Сол пішінді тап»<br>4.Сергіту сәті<br>5.Қортындылау<br>**Музыка.**<br>**Мақсаты:** Көбелек туралы түсінік беру. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Табиғи дауыспен | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Аяқтың ұшымен белгі бойынша жүру, жүгіру. Секіруде аяқты қою күйін біртіндеп ауыстыру. Арқанның астынан оған басын тигізіп алмай төрт тағандап еңбектеу.<br>**Барысы:**<br>1. Аяқтың ұшымен белгі бойынша жүру, жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж.-құм салынған қапшықпен<br>3. Арқанның астынан оған басын тигізіп алмай төрт тағандап еңбектеу.<br>4.Қ.О. №1.18 «Допты кім алысқа лақтырады?» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** Сурет мазмұнына қарай әңгіме құру. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың сөйлемде анық, таза, әрі түсінікті дыбысталуын бекіту.<br>**Барысы:**<br>1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру.<br>2.Тақпақтар жаттау.<br>3.Сергіту сәті<br>4.Д.О. №2.7«Шапалақта» Қортындылау.<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты**: Балалардың эстетикалық қабылдауын дамыту, болмыстың |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылының бағытын сақтау .<br>4.Қ.О. №1.7 «Аттап өт»<br>Қортындылау<br>**Жаратылыстану.**<br>**Мақсаты:**<br>Жәндіктердің аттарын (қоңыз, көбелек, шыбын) бекіту, кейбір жәндіктер туралы (құмырсқа) қарапайым түсінік беру.<br>**Барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі-шаттық шеңбер.<br>2.Жәндіктер туралы түсінік беру - Видео.<br>3.Д.О. «Жәндіктің атын тап»<br>4.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br>**Музыка.**<br>**Мақсаты:** Көбелек туралы түсінік беру. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын | аулаушы»<br>Қортындылау<br>**Құрастыру**<br>**Мақсаты:**<br>Конструктормен ойындар үшін құрылыстарды құру дағдыларын жетілдіру, бөлшектерді бекіту мен құрылыстарды құру тәсілдерін дамыту<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Сұрақ-жауап<br>3. «құрылыстарды құру тәсілдерін дамыту » әдісін қолданамыз.<br>4.Д.О. №3.21 «Тез жауап бер»<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br>**Вариативтік компонент**<br>**Мақсаты:**<br>Халқымыздың жыл қайтаруына байланысты шыққан аңыз ертегісімен танысу, түсіндіру. Ертегідегі әр жеке-жеке мағұлымат беру. Сол арқылы | әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету.<br>**Барысы:**<br>Ән тыңдау: «Ақ көбелек» (Тұрсынжан Шапай)<br>Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ»<br>Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов)<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Қосарланып билеу» | **Көркем әдебиет.**<br>**Мақсаты:** Кейіпкерлерге жанашырлық таныта білу біліктерін, баяндау ерекшелігін байқауды жетілдіру. Шығарма мен өлеңді ажырата білуді үйрету.<br>**Барысы**<br>1.Балалармен шағын әңгіме жүргізу<br>2.Сұрақ-жауап. (Видео )<br>3.Сергіту сәті<br>4.Мақал жаттау.<br>Қортындылау.<br>**Мүсіндеу.**<br>**Мақсаты:** Балшық кесегін алақанның түзу қимылдарымен сопақ пішінге келтіріп, жаю дағдысын бекіту. Балалардың ынтасын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Барысы**<br>1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру.<br>2.Д.О. №4.1 «Түсіне қарай орналастыру»<br>3.Саусақ жаттығуы<br>4. Домалату әдісі бойынша | құбылыстарын әр түрлі тәсілдермен көрсете білуге үйрету. Түстерді үйлестіру дағдыларын калыптастыру.<br>**Барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру<br>2. Балалармен шағын әңгіме жүргізу<br>3. қазақы ою-өрнектердің элементтерін пайдалану<br>4.Д.О: №4.14 «Қандай түс»<br>Қортындылау.<br>**Вариативтік компонент.**<br>**Мақсаты:** а) Көктем туралы түсініктерін кеңейту.<br>ә) Табиғатқа байланысты айтылған тыйым сөздерді қайталау арқылы баланың сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>б) Көктем мезіліне деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1. Балаларды көктем мезгілінің ерекшілігін бекіту. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету.<br>**Барысы.**<br>Ән тыңдау: «Ақ көбелек» (Тұрсынжан Шапай)<br>Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ»<br>Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов)<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Қосарланып билеу» | халқымыздың төрт түлік малы туралы түсініктерін молайту.Жан жануарларға, хайуанаттарға деген қамқорлықпен , аяушылық сезімімен карауға тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру.<br>2.Сұрақ-жауап.<br>3. «Жыл басына таласқан хайуанаттар »ертегісін драматизациялау<br>4.Сергіту сәті<br>Қортындылау | | жұмыс жасау<br>5.Қортындылау | 2.Сұрақ-жауап<br>3. Сергіті жаттығуы.<br>4. Қортындылау |
| **Серуен:** | **1. Бақылау.**<br>**1**Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау.<br>Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>Құмырсқа , масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын,еңбекқорлығын көруге үйрету.<br>**2. Қимылды ойындар:** «Масаны ұстап ал»<br>«Үйсіз қоян». | **1. Бақылау**.<br>**1.Бақылау:** Жаңбырдың жауғанын бақылату<br>Мақсаты: Жаңбырдың неден пайда болатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. Оның табиғатқа тигізер пайдасын білдіру. Жерге сіңуін көсету.Ақ жауын ба, нөсер ме? Айыра білуге баулу.<br>**2.Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» , «Жасырынбақ»<br>Мақсаты: шапшаңдыққа<br>**3. Жеке жұмыс:** Жұмбақ | **1. Бақылау.**<br>**1.Бақылау:** Балабақша ауласының тазалығын бақылау.<br>Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу.<br>**2.Қимылды ойындар:** «Кім шапшаң?»<br>«Ұтып ал»<br>Мақсаты: Ептілікке баулу<br>**3.Еңбек.** Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын<br>Мақсаты: Еңбек сүйгіштікке, үлкендер еңбегін бағалау-ға тәрбиелеу.<br>**4.Жеке жұмыс:** 1-2 балаға | **1. Бақылау**<br>**1. Бақылау:**Күннің көзін бақылау.<br>Мақсаты: Көктемгі күннің қызуы туралы білім бере отырып,оның қарлар мен мұздарды ерітіп жатқанын бақылауға үйрету.<br>Күн сәулесінсіз табиғаттың өмір сүре алмайтындығы туралы түсінік беру.<br>**2.Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр»<br>Мақсаты: Ептілікке баулу | **Бақылау.**<br>**1. Бақылау.** Аспанды бақылау.<br>Мақсаты: Аспандағы бұлттардың пішіндерін бақылату арқылы қиялын, зейінін дамыту.<br>Олардың неге ұқсайтынын сұрау арқылы білімдерін толықтыру.<br>**2. Қимылды ойындар:** «Мысық пен тышқан», «Қуыспақ».<br>Мақсаты: Ептілікке баулу.<br>**3. Жеке жұмыс.** Жұмбақ жаттату. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты:<br>Шапшаңдыққа үйрету.<br>**3. Жеке жұмыс.**<br>Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу.<br>**4. Еңбек.**Жәндіктерге нан қиқымын беру.<br>**5. Көркем сөз.**<br>Құмырсқа батыр,<br>Қимылдап жатыр.<br>Алды да ырғап,<br>Көтерді «бір қап»<br>Құмырсқа қыстан,<br>Шығады жырғап. | шешуге үйрету.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>**4.Еңбек**.Телімдегі қағаз,қоқыстарды жинау<br>**5.Көркем сөз:** Жау, жау жаңбыр, жау жаңбыр.<br>Арық суы мол болсын.<br>Өсімдіктер көп болсын.<br>Жауған жерің шөп болсын | балабақша туралы өлеңдерін қайталату, әңгімелету.Балабақша базарлы үй,<br>Көшедегі ажарлы үй.<br>Шаттығы мол шуақты,<br>Өз үйіміз сияқты.<br>**5.Көркем сөз.**<br>Тазалық-денсаулық кепілі.(мақал) | **3.Жеке жұмыс:** 1-2 балаға жерге күннің суретін салуды үйрету.<br>**4. Еңбек.**Ойын алаңындағы қоқыстарды жинау.<br>**5. Көркем сөз:** Күн жылынып, қар еріп,<br>Сай-салаға толады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Көктем. | Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды. ( күн).<br>**4. Еңбек.** Жапырақтарды жинау.<br>**5. Көркем сөз:**Бұлтқа<br>- Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың ?<br>- Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін !<br>- Гүл-гүл жайнап өсер көк ,<br>Нөсерлетсең, нөсерет. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,дербес ойынәрекеті. Киімдерін әдемілеп жинап жәшіктеріне салып қоюға баулу. Өз-өздеріне қызмет жасау. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br><br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Шынықтыру шарасы.<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>**Ойын- жаттығу :**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.Үстел барысында дұрыс отыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет**<br><br>**Баланың жеке даму картасына сәйкегс жеке жұмыс** | Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші»<br>«Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру<br><br>Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, орындықтың шетінен ұстап, қолмен тартылып еңбектеу. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.<br>Айзадаға суретті ақ бет қағазда дұрыс орналастыруды дағдыландыру | Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.<br><br>Шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыру | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика<br><br>Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүруді үйрету (Ерасыл. Нұрасыл) | Сюжеттік-ойын «Дәрігер» ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру;<br><br>Балаларға үлкендердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту. |
| | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем»(сурет қарастыру)<br>**Мақсаты**:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгіме құрастыру «Көктем мезгіліндегі еңбек»<br>**Мақсаты:**баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық»<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Көктем айының мерекелері<br>**Мақсаты:**қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Дидактикалық ойын «Атын атап бер»<br>**Мақсаты:**түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Аналарымызға қандай сыйлық сыйлаймыз», « 8наурыз кімдердің мерекесі?» және т.б. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес:<br>«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | [illegible] | | | |

[illegible]

Scanned by TapScanner